4 Талқысына тағдырдың төтеп берген...



6 Ұлы даладан Анадолыға дейін




www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

# Сыр бойы

№52-53 (21127-21128) 11 сәуір, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады



## «БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ – ЗАҢҒА БАҒЫНАТЫН ПАРАСАТТЫ ҚОҒАМ»

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым қызметкерлері күніне орай өткен салтанатты рәсімде сөз сөйлеп, ғалымдарды марапаттады.

Президент алдымен осы мереке қарсаңында Ақордаға жиналып, бас қосу жақсы дәстүрге айналғанын, бұл еліміздің ғалымдар қауымына деген ерекше құрметі мен айрықша ықыласының көрінісі екенін айтты. Сондай-ақ кез келген дамыған, яғни, озық мемлекеттің қазығы – ғылым, ал қазынасы – ғалым деген дәйекті пікір келтірді.

– Әр елдің ғылыми әлеуеті – оның абырой-беделі мен күш-қуатының өлшемі десек, қате болмайды. Ғылымға басымдық беретін, ғалымын қадірлейтін, басқаша айтсақ, «ғылым-білім бар жұрттар» ғана өркениеттің өріне шығады. Бұл – ақиқат. Түптеп келгенде, адамзаттың барлық жетістігі ғалымдардың зияткерлік еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Қазір осы залда түрлі салада зор табысқа жеткен зерделі зерттеушілеріміз отыр. Сіздер ұлт сапасын арттыруға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мол үлес қосып келесіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін.

Хакім Абай айтып өткендей, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ». Бұл – ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын тағылым. Біз бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, ең алдымен, ғылымды дамытып, жаңа технологияны, жасанды интеллектіні меңгеруіміз керек, – деді Мемлекет басшысы.

Биылғы жыл Президент бастамасымен Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жарияланды. Бұл ретте Мемлекет басшысы ғылымға бет бұру – өсіп-өркендеуге ұмтылған әрбір елдің тарихи міндеті екенін айтты. Мемлекет ғылым саласына үнемі қолдау көрсетуде. Кейінгі 5 жылда осы салаға бөлінетін қаржы көлемі 6 еседен асқан. Қазақстанда зерттеу университеттерінің саны көбеюде. Ғылыми жобаларға инвестиция салатын бизнес өкілдеріне салық жеңілдігі берілетін болды.

– Алдымызда тағы бір маңызды міндет тұр. Біз жас ғалымдар ғылыммен алаңсыз айналысуы үшін қолайлы жағдай жасауымыз қажет. Өйткені қазақ ғылымының болашағы – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр және мақсаты биік жастардың қолында. Талапты әрі талантты азаматтар келешекте ұлттың шамшырағына айналады. Олар Қаныш Сәтбаев сияқты алып тұлғалардың жолын жалғайды. Сондықтан жас зерттеушілерге қамқор болуымыз керек. Бұл бағытта нақты бастамалар жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі таңда 600-ден астам жас ғалымға баспана берілді. Бұдан бөлек, оларға арнаулы гранттар бөлінуде. Жыл сайын жас зерттеушілер әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына барып, тәжірибе жинап, тағылым алып жүр. Осындай нақты шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Ғылымды қолдау, ғалымдарға ел болып құрмет көрсету, бұл – ең алдымен қоғамда еңбекқорлық, білімпаздық, жасампаздық құндылықтарын орнықтыру деген сөз. Халқымыздың ойы озық болса, өскелең ұрпақтың да ғылым-білімге деген ықыласы айрықша болары анық. Зерделі әрі зияткер ұрпақ тәрбиелеу – баршаға ортақ парыз. Оған мемлекет те, ата-аналар да бірдей жауапты, – деді Президент.

Өткен жылы Мемлекет басшысы «Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесін құру туралы тиісті Заңға қол қойды. Бұл жүйе арқылы ата-аналар баласының болашақта сапалы білім алуына қаражат жинай алады. Қазірдің өзінде 200 мыңға жуық азамат арнайы есепшот ашты. Мұны болашаққа салынған ең ұтымды инвестиция деуге болады.

2-бет

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНІ

## КӨПБЕЙІНДІ АУРУХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ





Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Қызылорда құрылыс алаңына айналғалы қашан. Кейінгі үш-төрт жылдың өзінде қаншама әлеуметтік нысандар, көпқабатты тұрғын үйлер, спорт кешендері бой көтеріп, тұрғындар игілігіне берілді. Заманауи зәулім ғимараттар қала ажарын айшықтап ғана қоймай, аймақ абыройын асыруда. Басқасын айтпағанда, биылдың өзінде облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқарманың тапсырысымен үш ірі нысанның құрылысын аяқтау жоспарланған. Соның бірі – Қызылорда қаласының сол жағалауынан орын тепкен, аусымына 100 келушіге арналған емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді аурухана.

54,3 млрд теңгенің жобасын «Мелиоратор» серіктестігі жүзеге асыруда. Авторлық қадағалаушы «ALTYN строй-проект» серіктестігі болса, техникалық қадағалаушы «АДС Сапа» серіктестігі.

6,8 гектар аумақты алып жатқан ғимараттың жалпы ауданы 47995,28 шаршы метр. Үш, бес, жеті, тоғыз қабатты 10 блоктан тұрады. Нысанның құрылыс-монтаждау жұмыстарын жыл соңына дейін аяқтап, ел игілігіне табыстау жоспарланған. Біз барғанда құрылыс басындағы қызу жұмысты байқадық.

– Құрылыс қарқынды жүріп жатыр. Жыл соңына дейін аяқтау жоспарланған, бірақ тамыз айында бітіреміз бе деп отырмыз. Қазіргі уақытта 480 адам жұмыс істейді. Басым бөлігі жергілікті тұрғындар. Техника күші мен құрылыс материалдары жеткілікті. Бүгінде құрылыстың 65-70 пайызы орындалды. Монолитті бетон құю жұмыстары аяқталып, негізгі қаңқасы тұрғызылды. Қабырға кірпішін өру, терезе салу, ішкі әрлеу, сыртқы қасбетін қаптау, ішкі инженерлік жүйелерін жүргізу жұмыстары атқарылуда. Мерзімінен бұрын аяқтау үшін жұмысшылар санын мыңға дейін көбейтуді көздеп отырмыз, – дейді жоба жетекшісі, «Мелиоратор» серіктестігі басшысының орынбасары Азат Матуров.

Жоба жетекшісінің айтуынша, жұмсалып жатқан құрылыс материалдарының басым бөлігі отандық өнімдер. Алматыдан, Астанадан, Шымкенттен алынуда.

Айта кету керек, негізгі блоктардан бөлек мәйітхана, бу қазандығы, автогараж да қарастырылған. Қазіргі кезде олардың аздаған жұмыстары қалған. Ал ғимараттың негізгі блоктарында емхана, қабылдау, операциялық, реанимация, химиотерапия, радиология бөлімдері, әкімшілік, тамақтандыру және конференц залдары орналасады.

**Айнұр БАТТАЛОВА,**
**«Сыр бойы**

12 СӘУІР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒАРЫШКЕРЛЕР КҮНІ

## ҒАРЫШТЫҚ ҒАЛАМАТ «БАЙҚОҢЫРДАН» БАСТАЛАДЫ

12 сәуір – Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күні. Бұл күн тек әлем қауымдастығы үшін ғана емес, Қазақстан үшін де тарихи һәм тағылымы терең мереке. Өйткені ол адамзат ақыл-ойының қуатын, ғылымның шексіз мүмкіндігін, арман мен батылдықтың тоғысқан сәтін айшықтайды.

1961 жылдың дәл осы күні Қызылорда жеріндегі «Байқоңыр» ғарыш айлағынан Юрий Гагарин «Восток-1» кемесімен көк жүзіне көтеріліп, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған жаңа белесті бағындырды. Сол сәттен бастап сан ғасыр бойы қиял мен аңыздың мекені болып келген ғарыш шынайы ғылымның, нақты ізденістің және өркениет дамуының жаңа кеңістігіне айналды. «Байқоңырдың» аты әлем тарихына алтын әріппен жазылды. Бұл – жай ғана ғарыш айлағы емес, Жер бетіндегі тұңғыш әрі ең танымал ғарыш кешені. Адам баласының аспанға бастар жолы дәл осы қазақ даласынан ашылды десек, артық айтқандық емес. Алғашқы жасанды Жер серігі де, алғашқы адам ұшуы да, кейінгі көптеген тарихи миссия да осы мекеннен бастау алды. Қазақ «Аттың жалында, түйенің қомында жүріп тарих жасаған» дейді. «Байқоңыр» – сондай тарихтың тірі куәсі.

2-бет

ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ

## 800 СПОРТШЫ БАҚ СЫНАЙДЫ

Кеше облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, Ұлттық Олимпиада комитетінің вице-президенті, ММА және панкратион ұлттық федерациясының құрметті президенті Гаджи Гаджиев, федерация президенті Сағындық Мекеев, облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев, облыстық жекпе-жек айқастары бойынша панкратион және грэпплинг федерациясының құрметті президенті Алмат Жүнісов панкратионнан жасөспірімдер, юниорлар, жастар және ересектер арасындағы Қазақстан чемпионатының ресми ашылу салтанатына қатысты.




«Евразия» спорт кешеніндегі Республикалық байрақты бәсекеге еліміздің барлық аймағынан 20 команда, 800-ге жуық спортшы үш жас ерекшелігі бойынша, әртүрлі салмақ дәрежесінде сынға түседі.

– Жекпе-жек өнері ертеде елді ішкі-сыртқы жаудан қорғайтын жауынгерлер арасында кеңінен таралса, қазіргі күні батылдық пен ептілікті талап ететін спорт түріне айналды. Біздің өңірімізде 600-ден астам спортшы панкратион, яғни жекпе-жек өнерімен тұрақты шұғылданады.

Екі дүркін Әлем чемпионы Абылай Шәкірбеков, Әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегері Олжас Есқараев және жастар арасында Әлем чемпионы атанған Әли Мұсағалиев сынды Сыр спортшыларын ерекше мақтанышпен айтамыз. Бүгін олардың ізінен ерген болашақ чемпиондарымыз маңызды жарыстарда өзара тәжірбие алмасып, шеберліктерін шыңдайды. Бұл дода өскелең ұрпақтың қайратты да батыл, намысы биік әрі жігерлі азамат болып қалыптасуына жол ашады деп сенемін, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Рәсімде Гаджи Гаджиев пен Сағындық Мекеев жарысты жоғары деңгейде ұйымдастырып, қолдау білдірген барша спорт жанашырларына алғыс білдірді. Данияр Ерenғалиұлы қонақтарға дәстүрге сай құрмет көрсетті. Шара Сыр өнерпаздарының концерттік бағдарламасымен жалғасып, көрерменге мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Панкратионнан Қазақстан чемпионаты 13 сәуірге дейін жалғасады. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлері арнайы диплом және медальдармен марапатталады.

**«СБ» ақпарат**

**Валюта бағамы** $ 479,82 kzt € 559,9 kzt ₽ 6,15 kzt

**Ауа райы:** Сенбі +25⁰ +12⁰ | Жексенбі +26⁰ +12⁰

# «БІЗДІҢ ТАҢДАУЫМЫЗ – ЗАҢҒА БАҒЫНАТЫН ПАРАСАТТЫ ҚОҒАМ»

Тағы бір мәселе ретінде Президент ғылымның әлеуетін ел игілігіне жарата білу қажеттігін ескертті. Ғалымдарымыз ашқан жаңалықтар зертханалар аясында қалып қоймауы керек. Нақты нәтиже беретін, өндіріске енгізуге болатын жобаларды жүзеге асыру қажет. Бір сөзбен, ғылым экономика мен қоғамның сұранысына сай болуға тиіс. Бұл мақсат Үкіметтің ұдайы назарында болуы керек, себебі осы міндеттің еліміз үшін мән-мағынасы ерекше. Сонымен қатар, бұл – әлемдегі ең үздік компаниялардың берік ұстанымы, бұлжымас қағидасы.

Жаһандық деңгейдегі ірі технологиялық корпорациялар бірінші кезекте білім мен ғылымға басымдық береді, ғылыми жаңалықтарды өндіріске жедел енгізеді. Таланттарды қызметке тарту жағынан да бұл компаниялар көш бастап тұр. Адам капиталы олардың негізгі күш-қуаты саналады. Технология мен инновация – дамудың ең басты әрі баламасыз шарты. Мұны XXI ғасырдың үздік компаниялары дәлелдеп отыр.

– Біздің еліміз үшін де қолданбалы ғылымды дамыту – аса маңызды міндет. Осы бағыттағы жобалардың саны көбейді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Әсіресе, университеттердің технологиялық даму орталығы ретінде қалыптасып жатқанын атап өту қажет. Мысалы, былтыр University Medical Center мекемесіне қарасты Жүрек орталығының дәрігерлері ALEM (Astana Life Ex-situ Machine) деп аталатын инновациялық медициналық құрылғы ойлап тапты. Мұны өткен жылдың ең айтулы ғылыми жаңалығы деп айтуға болады. Осы құрылғы донорлық ағзалардың өміршеңдігін 24 сағаттан астам уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай бірегей жаңалықтар қазақ ғылымының әлеуеті, жалпы еліміздің даму деңгейі жоғары екенін көрсетеді.

Дегенмен ғылым саласында шешілмеген түйткілдер де аз емес. Мен наурыз айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болғанымды білесіздер. Сол жерде ғалымдармен арнайы кездесіп, біраз мәселеге тоқталдым. Әсіресе, ғылымды қаржыландыру жұмысын ретке келтіріп, қатаң бақылауға алу қажеттігі туралы айттым. Басты мақсат қаржыны игеру емес, қоғамға пайдасы тиетін жобаларды жүзеге асыру болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президет және атап өткендей, білікті инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға баса назар аударған жөн. Бұл ретте негізгі жауапкершілік жоғары оқу орындарына жүктеледі. Ұлттың зияткерлік қуаты дәл осы білім ордаларында қалыптасады. Университеттер өз миссиясын адал атқарса, білікті мамандар мен кәсіби кадрлардың қатары арта түсері сөзсіз.

– Бұдан бөлек, ғылым қалашықтарына және қарқынды дамитын қалаларға жаңа технология енгізуді жолға қоюымыз керек. Қазір Курчатов қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Инвесторларды осындай даму орталықтарына қаржы салуға ынталандыру қажет. Бұл да – Үкіметтің өзекті міндеттерінің бірі.

Тоқетерін айтсақ, алда атқаратын шаруа көп. Ширақ қимылдап, тиянақты жұмыс істеуіміз керек. Ғылым саласындағы күрделі мәселелерді мемлекет пен ғылыми қауымдастық күш жұмылдырып, бірлесе шешеді деп ойлаймын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент салтанатты рәсімдегі сөзінде Қазақстанда 15 наурыз күні тарихи мәні зор референдум өтіп, азаматтардың басым бөлігінің қолдауымен мемлекетіміздің іргесін нығайтатын, елді барлық салада, соның ішінде ғылымда орнықты даму траекториясына шығаратын жаңа Конституция қабылданғанын атап өтті. Осы ретте Ата заңымыздың преамбуласында алғаш рет мәдениет, білім беру, ғылым және инновация құндылықтары нақты бағдар ретінде белгіленгені, аталған салаларды жан-жақты қолдауға стратегиялық маңыз беріліп, бұл бағыттарды дамыту мемлекеттің конституциялық міндетіне айналғаны айтылды.



– Орайлы сәтті пайдалана отырып, Конституцияны әзірлеуге және қабылдауға айтарлықтай үлес қосқан барша ғылыми-академиялық қауымдастыққа ризашылығымды білдіремін.

Өтпелі ережелерге сай, жаңа Ата заң 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді. Сол уақытқа дейін негізгі заңдардың барлығы Конституция нормаларына сәйкестендірілуге тиіс. Бұл бағытта Парламент ауқымды заң шығару жұмысына кірісті. Депутаттар заң жобаларын мұқият әрі жедел қарастырады деп сенемін.

Мемлекет басшысы ретінде еліміз үшін елеулі оқиғалар туралы алдын ала ақпарат беру өте маңызды деп санаймын. Конституция күшіне енген сәттен бастап бір палаталы Құрылтай сайлауын өткізу жөніндегі Жарлыққа қол қоямын. Сайлау биыл тамыз айында өтеді. Мұны әдейі ерте айтып отырмын. Өйткені партиялардың жоспарларын айқындап, сайлау науқанына дайындық жүргізуіне жеткілікті уақыты болуы керек. Осылайша, партиялардың сайлаушылармен тиісті жұмыс жүргізуіне бес айға жуық уақыт беріледі. Құрылтай сайлауы Қазақстанның бүкіл саяси жүйесін жаппай «қайта құруға» жол ашады. Бұл ретте біз жүзеге асырып жатқан саяси және экономикалық реформалар қоғамдық сананың оң сипатта өзгеруіне әсер етуге тиіс. Мен мұның маңызы жөнінде бірнеше рет айттым, – деді Мемлекет басшысы.

Президент осы күрделі үдерісте ғалымдар ерекше рөл атқаратынын да еске салды. Өйткені олар өркениет құндылықтарын дәріптеп, санаткерлік және моральдық қасиеттерімен көпке үлгі көрсетеді. Нағыз ғалымдар ескілік пен қараңғылыққа қарсы күрестің алғы шебінен табылып, ағартушылық пен білім жолында әрдайым топ бастаған.

– Әлемнің екінші ұстазы әл Фараби дөп басып айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы». Сондықтан гуманизм, әділдік, жауапкершілік құндылықтары салтанат құрып, өскелең ұрпақты адамгершілікке және заңды құрметтеуге тәрбиелегенде ғана шынайы өркендеуге бет аламыз.

Біздің қоғам жақсы мен жаман туралы деструктивті түсініктердің жетегіне ермеуге тиіс, төл болмысымызға жат дүниетанымға көзсіз сенбеуі қажет. Оның салдары ауыр болады.

Ынтымақ-бірлігімізбен тұрақтылығымыздың іргесін шайқап, әлеуметтік және ұлтаралық алауыздықты қоздырғысы келетіндердің әрекетіне заң жүзінде қатаң тосқауыл қойылады. Конституцияда жазылғандай, елімізде заң мен тәртіп үстемдік құруы керек. Ғалымдарымыз үнсіз қалмай, қоғамда, әсіресе, жастар арасында жауапкершілік пен тәртіп қағидаттарын дәріптеуі қажет деп санаймын. Құқықтық нигилизмге жол жоқ. Біздің таңдауымыз – заңға бағынатын парасатты қоғам, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жақында АҚШ соттарының бірі шығарған шешімге сәйкес, кейбір интернет-платформалардың алгоритмі балаларға зиян келтіріп, психологиялық тұрғыдан тәуелді ететіні мойындалған. Осыдан сабақ алуға тиістігімізді айтқан Президент ұрпақ тәрбиесін әлеуметтік желілер мен видеосервистердің бодауына беріп қоюға болмайтынын, бұл қосымша зерттеуді қажет етпейтін факт екенін қаперге салды.

Отбасы институты мен білім беру жүйесін нығайту, шын мәнінде, балаларды кітап оқуға баулумен тығыз байланысты. Жалпы, осылай болуы қажет. Қанша жерден пессимистік пікірлер айтылса да, кітап – білім бұлағы әрі тәлімгер ретінде маңызын жоя қойған жоқ. Кітап оқыған сайын танымың тереңдейді. Кітап ақыл-ойды шыңдап, дүниетанымыңды кеңейтетіні, адамдардың өз қарым-қабілетіне деген сенімін күшейтетіні белгілі.

Таяуда еліміз Ұлттық кітап күнін екінші рет атап өтеді. Жұртшылықтың қолдауына ие болған бұл бастама отандық баспа саласының жұмысын жүйелеп, шетелдік авторлардың өзекті, пайдалы көркем шығармаларының аударылуына түрткі болуға тиіс. Кітап оқу үрдісі төл дүниетанымымыздың ажырамас бөлігіне, ұлттың озық қасиетіне айналғаны жөн. Мемлекет басшысы ғалымдар бұл іске салмақты үлес қосуға міндетті деп санайтынын жеткізді.

– Осы тұста мына бір аса маңызды мәселені қайта атап өткім келеді: біз қоғамда заң үстемдігі қағидатын, яғни заңға бағыну мәдениетін түбегейлі орнықтыруымыз қажет. Заң мен тәртіп идеологиясы күнделікті өмірдің барлық саласында қатаң сақталуға тиіс: қоғамдық орындағы жүріс-тұрыс мәдениетінен, оның ішінде жиын-тойлардан, тұрмыстық мәдениеттен бастап, жолда көлік жүргізу мәдениетіне дейін осы мызғымас қағидатқа сай болуы керек.

Мен бұған дейін де өз сөздерімде жол қауіпсіздігі мәселесіне арнайы тоқталдым. Өкінішке қарай, Қазақстанда жыл сайын көлік апатының кесірінен, соның ішінде көп жағдайда жол қозғалысы ережесін өрескел бұзудың салдарынан мыңдаған адам көз жұмады. Бұған жол беруге болмайды.

Бұрын елімізде көлік апатының көптігіне жолдың нашарлығын желеу қылатын. Соңғы бірнеше жылда барлық өңірдегі жол инфрақұрылымын ауқымды түрде жаңғыртуды қолға алдық. Бірақ қайғылы оқиға азаймай тұр. Демек бұл жағдайға Үкімет пен қоғам жіті назар аударуы керек. Азаматтар бекітілген ережелердің бәрін мүлтіксіз сақтайтын көлік жүргізу мәдениетін қалыптастырған дұрыс. Полицейлермен тәжікелесу, тіпті оларға шабуыл жасау фактілерін тыю қажет. Мұндай жағдайларға, сондай-ақ құқықтық нигилизм дертіне шалдыққан адамдарды, басқаша айтқанда, сотқарлар мен бұзақыларды «қаһарман» жасауға заң аясында қатаң шара қолдану керек.

Біз өркениетті ұлт болғымыз келсе, полицейлердің, дәрігерлердің, мұғалімдер мен қызмет көрсету саласы мамандарының, жалпы, адал әрі заңға бағынатын азаматтардың ар-намысына тиетін кез келген әрекетке батыл түрде тосқауыл қоюымыз қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысы қоғамда тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін орнықтырудың да мән-маңызы зор екенін ескертті. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасы қала мен ауылды абаттандыру жұмысымен шектелмейді. Оның түпкі мәні – қоғамдық сананы жаңғырту. Сол арқылы азаматтарымызды қастерлі Отанымыз – Қазақстанның тағдырына бейжай қарамай, болашақтың іргесін бірге қалауға шақыру.

– Жауапкершілік, әділдік, өзара құрмет бар жерде ғана өсіп-өркендеуге, дамуға жол ашылады. Бұл – өркениетті мемлекеттер мен халықтардың барлығына ортақ ұстаным. Осы құндылықтар жаңа Халық Конституциясына арқау болып отыр. Біз дамудың даңғыл жолына түсіп, жаһандық бәсекеге қабілетті елге айналдық. Нақты жетістіктеріміз бар. Бұл – ең алдымен, сапалы адам капиталы.

Біз зияткерлік мұрамызды мақтан тұтамыз. Әл Фараби, Ахмет Ясауи, Абай сынды ғұламаларымыз соңына сарқылмас рухани қазына қалдырды. Олардың еңбектері әлемдік ақыл-ойдың алтын қорына кіреді. Данышпан бабаларымыздың баға жетпес туындыларын заман талабына сай кәдеге жарата білуіміз керек. Ойшылдарымыз бен ғалымдарымыздың мұрасын терең танып, кеңінен дәріптеп, барынша дамытқан жөн. Ұлы тұлғаларды ұлықтау жұмысына тың серпін беру аса маңызды.

Түркістан төрінде «Қожа Ахмет Ясауи» ордені туралы көтерген бастаманың мәні де – осында. Сондай-ақ былтыр Ясауи ілімін зерделеуге арналған халықаралық симпозиум өтті. Жалпы, бәріміз әйгілі Қожа Ахмет Ясауиді бірегей ғұлама ғалым әрі өркениеттанушы ретінде еліміздің әрбір аймағында және шетелде де кеңінен дәріптеуіміз керек. Сонымен бірге оның құндылығы аса зор бай мұрасын өзіміз де барлық тұрғыдан жан-жақты зерттеуіміз қажет. Осы өнегелі дәстүр биыл әл Фараби форумына ұласады. Мұндай тағылымы мол, ғылыми мәні зор басқосулар жыл сайын өткізіліп тұрады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент осы салтанатты жиында тағы бір жақсы жаңалықты жариялағысы келетінін айтты.

– Қазақ даласы көптеген кемеңгер тұлғалардың мекені болғанын білесіздер. Соның ішінде әлемге әйгілі ойшыл әл Фарабидің орны ерекше. Оның мұрасы – бүкіл адамзаттың асыл қазынасы, өркениет ойының шыңы. Осыған орай, мен жоғары мемлекеттік марапаттар тізіміне арнайы «Әл-Фараби» орденін енгізу қажет деп санаймын. Бұл марапат білім мен ғылым, мәдениет пен руханият саласында зор табысқа жеткен азаматтарға беріледі. «Мейірім», «Қожа Ахмет Ясауи», «Әл-Фараби» ордендері биыл алғаш рет Республика күні қарсаңында тапсырылатын болады, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысы сондай-ақ жасампаз ұлт ретінде алдымызға биік мақсат қойып, бірлігімізді бекемдеп, біртұтас халық болып жарқын болашаққа нық қадам басу, Қасиетті Отанымыз – Қазақстанды білім-ғылымның, ойлы ортаның және саналы жастардың күшімен түбегейлі жаңғыртып, келер ұрпаққа Өркениетті, Қуатты әрі Әділетті мемлекетті аманат етіп қалдыру – біздің ұлттық парызымыз екеніне ерекше тоқталды.

– Осы тарихи жолда біз ғалымдардың орасан зор әлеуетіне сенім артамыз. Себебі ғылым өркендесе, бүкіл еліміз дамиды, шексіз мүмкіндіктерге жол ашылады. Ғалымның әрбір жаңалығы тұтас ұлттың мерейін асырады. Сіздер қашанда ел мүддесіне қызмет ете бересіздер деп сенемін. Мемлекет өздеріңізді әрдайым қолдайды.

Мен кәсіби мереке қарсаңында ғылым саласында зор жетістікке жеткен және жоғары білімді дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдарды марапаттау туралы шешім қабылдадым. Тиісті Жарлыққа қол қойдым. Сонымен қатар бүгін жас ғалымдарға пәтер кілтін табыстаймын. Бәрі де құтты болсын! Берекелі болсын! – деп түйіндеді Президент.

**Қ.ӘБІШ**

1-бет

# ҒАРЫШТЫҚ ҒАЛАМАТ «БАЙҚОҢЫРДАН» БАСТАЛАДЫ

Тәуелсіздік алған тұста Қазақстанның өз ғарышкері де, өз спутнигі де болған жоқ. Бірақ елдің қолында теңдессіз байлық бар еді, яғни әлемдегі тұңғыш ғарыш айлағы қазақ жерінде орналасқан. Бұл бір жағынан мүмкіндік, екінші жағынан зор жауапкершілік еді. Өйткені «Байқоңыр» – тек бетон мен металл емес, бұл – инженерлік мектеп, ғылыми орта, технологиялық тәжірибе мен әлемдік беделдің тоғысқан жері.

Қазақтан тұңғыш ғарышкердің көкке көтерілгені де халық жадында. 1991 жылы Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшуы бір адамның ғана жетістігі емес, ұлт рухын көтерген тарихи оқиға болды. Оның ізін ала 1994 жылы Талғат Мұсабаев ғарышқа жол тартып, кейін үш мәрте ұшып, Қазақстан атын халықаралық деңгейде танытты. Ал 2015 жылы Айдын Айымбетов халықаралық ғарыш стансасына барып қайтты. Осылайша Қазақстан түркі әлемінде өз азаматын ғарышқа ұшырған алғашқы елге айналды.

Тоқсаныншы жылдардағы экономикалық қиындықтарға қарамастан, Қазақстан ғарыш саласын назардан тыс қалдырған жоқ. 1994 жылы «Байқоңырды» Ресейге жалға беру жөнінде келісім жасалып, кейін мерзімі 2050 жылға дейін ұзартылды. Бұл шешім тек экономикалық қадам емес, стратегиялық есеп болатын: Байқоңырды сақтап қалу, инфрақұрылымын жоғалтпау және оның әлемдік ғарыш кеңістігіндегі орнын ұстап тұру ел болашағы үшін маңызды еді. Бұл туралы ресми және халықаралық дереккөздерде де айтылған.

Бүгінде кейбіреулер ғарыш саласының негізгі салмағы АҚШ, Қытай және жекеменшік компанияларға ауысты деп ойлайды. Иә, заман өзгерді. Бірақ «Байқоңырдың» маңызы кеміген жоқ. Қайта оның тарихи салмағына қазіргі заманның техникалық рөлі қосылып отыр. Бір жағында Гагариннің ізі жатса, екінші жағында жаңа аппараттар мен болашақ миссияларға дайындық жүріп жатыр. Бұл – өткен мен келешек бір аланда тоғысқан сирек мекен.



Осы биылғы көктемдегі оқиғалар анық дәлелдеп отыр. Бір жағынан, АҚШ-тың «Артемида-2» миссиясы адамзаттың Айға қайта оралу дәуірін бастап берді. NASA мәліметінше, 1 сәуірде ұшырылған бұл пилоттық миссия – соңғы жарты ғасырдан кейінгі Ай маңына жасалған алғашқы адам қатысқан сапар. Оның экипажы 6 сәуір күні Жерден ең алыс қашықтыққа жетіп, адамзат тарихындағы жаңа рекорд орнатты. Orion кемесі Жерден 406 771 шақырымға дейін алыстады. Сондай-ақ кеме Айдың арғы бетімен ұшып өтіп, 40 минуттық байланыс үзілісін бастан кешірді. Бұл Аполлон дәуірінен кейінгі адамзаттың терең ғарышқа қайта батыл қадам басқанын білдіреді. NASA бұл миссияны Айға қайта оралу ғана емес, болашақтағы тұрақты зерттеу базалары мен Марсқа жол ашатын кезең деп сипаттап отыр.

Ал екінші жағынан, дәл осы көктемде «Байқоңыр» өзінің өміршеңдігін тағы бір мәрте көрсетті. 22 наурызда осы айлақтан Халықаралық ғарыш стансасына жүк жеткізуге арналған «Прогресс» кемесі ұшырылды. NASA мәліметінше, жүк кемесі стансаға қажетті құрал-жабдықтар мен материалдарды жеткізу үшін сапарға аттанған. Мұндай миссиялар сырт көзге күнделікті жұмыс болып көрінуі мүмкін. Бірақ, шын мәнінде, ғарыш инфрақұрылымының үздіксіз жұмыс істеуі, ғылым мен технологияның тынысы әлі де «Байқоңырдан» соғып тұрғанын көрсетеді.

Ғарыш – тек өткеннің даңқы емес, бүгінгі күннің де, ертеңнің де шындығы. Көпшілік кейде ғарышты күнделікті өмірден алыс, қол жетпес саладай қабылдайды. Алайда спутниктерсіз байланыс жоқ, интернет пен телехабар жоқ, ауа райын болжау, егін мен жер ресурстарын бақылау, төтенше жағдайларды анықтау, навигация мен қауіпсіздік жүйелерін басқару да мүмкін емес. Демек, ғарыш – романтика ғана емес, мемлекеттің технологиялық тәуелсіздігі мен экономикалық қауіпсіздігінің тірегі.

Қазақстан үшін бұл саланың орны тіпті бөлек. Өйткені біздің даламызда адамзаттың аспанға жолы басталған мекен тұр. Осы тарихи мұраны тек мақтаныш ретінде емес, ғылым, инженерия, білім және жаңа технология үшін мүмкіндік ретінде пайдалана алсақ, онда «Байқоңырдың» шын мәніндегі құны арта түседі.

12 сәуір келгенде біз әдетте Гагаринді, алғашқы зымырандарды, ескі архив кадрларын еске аламыз. Бірақ бұл күнге тек өткенге қарау үшін емес, алдағы жолды бағамдау үшін де үңілу керек. Кеше адамзат қазақ жерінен алғаш рет ғарышқа жол салды. Бүгін сол адамзат Айға қайта оралып жатыр. Ал ертең бәлкім жаңа ғарыштық серпілістердің бір ұшы тағы да «Байқоңырдан» басталар. «Байқоңыр» – сол биік арманның жердегі мекені.

**Бағлан АМАНЖОЛ,**
**«Сыр бойы**

1-бет

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 6-тармағына сәйкес «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі көрсетілетін қызметті берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен «Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту» және «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызметтер есебінің жария талқылауын өткізетіндігін хабарлайды.

Жария талқылау 2026 жылдың 16 сәуірінде сағат 11:00-де, Қызылорда қаласы, Бекзатхан Асқар көшесі, №47 үй мекенжайы бойынша 4-қабат, мәжіліс залында өткізіледі.

*Қосымша ақпаратты келесі байланыс телефоны арқылы алуға болады: 8/7242/261765.*

# АЗАМАТ АСҚАН АСУЛАР



Қазақтай дана халқымызда уақыттың талай сынынан өтіп, ұлттық ұстанымға айналған «тарихты тұлғалар жасайды» деген қағида бар. Тұлға – интеллект, ақыл, парасат иесі. Тұлғалық ерекшелік тәрбиеге де, текке де байланысты болса керек. Алдағы әңгіме бір әулеттен шыққан әкелі-балалы екі тұлғалы азамат хақында болмақ.

2005 жылы «Жақсы адам – елдің ырысы, жақсы жер – жанның тынысы» атты Нәлқожа Ергешбаевтың естеліктер жинағы жарық көрді. Естелікте Нәлқожа ағамыздың ататегіне қатысты ағасы Әбдірахым Ақбалаев айтатын мынандай шежіре дерегі бар: «...Біз сөз еткелі отырған Қоңыраттың Божбан аталығы бүгінде Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында кең қоныстанған іргелі ру саналады. Оның 8 баласы болған... Біз Биболдан тараймыз. Бибол өз кезінің беделді кісісі болған, одан бес бала туған. Олар: Тауасар, Байжан, Үсенбай және Ұлымбет. Ал Үсенбайдан Дүйсе, Ақбала, Сәду деген үш ұлы болған... Нәлқожаның кескін-келбеті Дүйсе биге келеді. Желкесіндегі болған бидің болмысы оған да қона қалғандай еді. Топқа төрелік жүргізген парасаттылығы да жұқты. Сөз мәнері, сөйлеу мәдениеті әкесі Ақбаладан аумайды. Қазақ «ұқсамаса-тумағыр» деп жатушы еді, дәл осы теңеу Нәлқожаға да қатысты болды. Жақсы қасиеттер бойына бекіп, халықтың ырзығына айналды. Қолдан келсе жақсылық жасауға ұмтылып тұратын кең көзқарастың адамы-тұғын. «Елді сыйлағаның – өзіңді сыйлағаның» деген табиғи тебірініс тебіндеп тұратын. Мен білетін Нәлқожа сондай еді» деп толғайды. Осында сөз етілген Дүйсе би жайлы жинақта «Ақ Үйік» ауылдық округі ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ә.Асанов «...жалпы, Дүйсе теріскей мен күнгейге би болған, беделді кісі ретінде танылған. Кәмпеске кезінде Тәжікстаннан ұсталып, Карлагқа қамалды. Сөйтіп, 1944 жылы қайтыс болыпты. Тұқымды осындай атақты адамдар құрайды. Сол сияқты Нәкең, Нәлқожа бір рудың ғана емес, бүкіл Сыр бойының мақтанышына айналды... Ол кісі кісілікті емес, кішілікті, ірілікті емес, ілгерілікті бойына сіңіргенімен сипатталады. Оны биікке көтерген де осы мықтылығы еді» деп еске алады.

Нәлқожа Ақбалаұлы 1954-1960 жылдары Аралдағы МТС-те инженер-бақылаушы, Аламесек МТС-да бас инженер, директор, 1960-1974 жылдары «Облавторгмаш» мекемесінің бастығы, «Казсельхозтехника» облыстық бірлестігінің төрағасы, 1975-1992 жылдары аралығында Сырдария ауданында атқару кеңесінің төрағасы, екі мәрте аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, аудандық халық депутаттары атқару кеңесінің төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Ағамыз жайында жазылған мақалалар мен естелік кітаптарды сараптап қарасақ, ол кісі аудан басқарған жылдары ауылшаруашылық техникаларын жөндейтін типтік шеберханалар, жаңадан автобаза, техникалық қызмет көрсететін орындар салдырып, мал шаруашылығына механикаландыру жүйесін енгізген. Айтқандай, сол жылдары Н.Ергешбаевтың «Күріш өндіруді мамандандыру және шоғырландыру» атты монографиясы басылып шыққан болатын. Бар саналы ғұмырын Сыр елінің өркендеуіне сарқа жұмсаған арда азамат аталған кітабында өмірлік бай тәжірибесімен, тың идеяларымен және оларды қалай іске асыруға болатынын саралаған жобаларымен бөліседі.

Шаруашылықтарды жаңа жағдайға көшіру мәселесі қаржы тапшылығымен қоса сол кездегі сеңдей сіресken компартия идеологтарының қатаң бақылауы тұсында қиынның қиыны еді. Саяси ахуалдың бұл жағы тарихшы ретінде бізге көбірек аян. Нәлқожа ағамыз қай қызметте болса да тоқтамаған да, толастамаған екен. Соның арқасында еңбегі еленіп, бірнеше мәрте СОКП Орталық Комитеті мен ҚазКСР Орталық Комитеттері Пленумдарына делегат болып сайланды. Ол сондай-ақ «Құрмет белгісі», «Октябрь революциясы», екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен және басқа бірнеше медальмен марапатталды. «Қазақ КСР-на еңбегі сіңген ауыл шаруашылығы қызметкері» төсбелгісінің иегері атанды.

«Қандағы бар тектілік, шықпай қоймас еп қылып» дегендей елге ерен еңбегі сіңген әкесінің орнын баласы, алпысты алқымдаған Мұрат Нәлқожаұлы басты. У.Шекспир кезінде «өзінің баласын таныған әке ғана данышпан» деген екен. Әке Нәлқожа Мұрат баласының ерекшеліктерін сезіне отырып, оның мемлекеттік қызметке ауысуына себепкер болған. Сөйтіп, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясын бітірген Мұрат Нәлқожаұлы Халық банкінің облыстық филиалы директоры қызметінен айлығы бірнеше есе кем мемлекеттік қызметке ауысады. Әр жылдары мемлекеттік қызметтің тәжірибелерін бойына сіңіре отырып, көптеген асуларды еңсеріп келеді.

Адамды тану үшін онымен араласу керек. Жақын араласқанда білгенім – Мұрат Нәлқожаұлы дүниеге қызықпайтын, сөзге сараң, мақтау сүймейтін, өміріне адалдық пен тазалықты ту еткен жан. Сыр өңірін басқарған 5 әкімнің оған үлкен сенім көрсетіп, Қызылорда қаласы мен 4 ауданның әкімі лауазымына тағайындауы содан болса керек.

Облыс орталығы Қызылорда қаласын әлемдік қаржылық дағдарыс туындатқан сындарлы кезеңде басқарған ол экономикалық тұрақтылықты сақтап, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында көптеген игілікті шараларды жүзеге асырды. Қала бюджетінің жалпы кірістері артып, жаңа инфрақұрылымдық жүйелер құрылысы кең қанат жайды. Қаланың 2025 жылға дейінгі Бас жоспары бекітілгені де осы кезең. Ойлап қарасақ, қала құрылысын сол жағалауға көшіру туралы ойдың көтерілуі де сол уақытқа сәйкес келеді.

Мұрат Нәлқожаұлының қарымды қабілетінің, қажырлы еңбегінің арқасында 2011-2013 жылдары Қармақшы ауданының бюджеті, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі артты. Инвестиция тарту, жол жөндеу, білім және денсаулық сақтау нысандарын жөндеу, елді мекендерді таза ауызсумен қамтамасыз ету бойынша да келелі жұмыстар атқарылды.

Шиелі ауданының әкімі кезінде өнеркәсіп орындары, тау-кен өндірісі, кәсіпкерлік субъектілері, тұрғын үй, денсаулық сақтау, ауыл және мал шаруашылығы салаларына серпін берілді. Шиеліңің шырайы кіріп, күйдірілген кірпіш өндіру зауыты, әк шығару зауыты, «Алтын-Мереке» демалыс кешенінің инвестициялық жобалары өмірге келді.

Қазыналы Қазалы ауданын басқарған кезеңде өңірдегі шаруа жайы, халықтың тыныс-тіршілігі оңалып, елдік мүдде жолында көптеген игі істердің жүзеге асып жатқанын көпшілік көріп те, айтып та жүрді. Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының арасын қосудың бастамашысы болды. Қазалының келбеті көріктеніп, ауылдардың өзінде еңселі нысан, әсем тұрғын үйлер бой көтерді. Ауыл шаруашылығын әртараптандыру, оған инвестиция тарту және шаруашылықтардың машина-трактор паркін жаңалаудағы бетбұрысты қадамдарға, спорт, өнер, білім денсаулық саласындағы, жастарды қолдаудағы жақсы жетістіктерге де куә болдық.

Сырдария ауданын басқарған (2021-2023 жылдар) кезде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуында барлық сала бойынша оң динамика қалыптасты. Аудан бюджетінің төрттен үші әлеуметтік салаға бағытталды. Айдарлы, Жетікөл, Аманкелді ауылдарының тозығы жеткен электр желілері жаңартылды. Елді мекендердің ішкі көшелері мен аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жөндеуде, электр желілері, ауызсу жүйелері, спорт және денсаулық сақтау нысандарын жаңғыртуда да қол жеткен жетістіктері аз емес.

АҚШ, Әзербайжан, Моңғолия, Қырғызстан және Тәжікстанға ақ күріш экспорттаған аудан ауыл шаруашылығы саласында облыстағы «Үздік аудан» атанды.

«Етікті нәр сақтайды, ерді ар сақтайды» дейді қария сөз. Әкесінен көрген өнеге мен анасынан алған тәлім-тәрбиенің арқасында әркез абырой биігінен көрініп жүр. Бұған қоса, оның өмірлік ұстазы, дұрыс жол көрсете білген марқұм Бердібек Машбекұлындай біртуар мемлекетшіл дара тұлға болды. Сол кісінің ақыл-кеңесін алып, тәлімін көрді. Ондай таутұлғалы азаматтың ықыласына бөленудің өзі Мұқаңа берген тағдырдың сыйы деп ойлаймын.

Қазіргі таңда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. Мәжілістегі Қаржы және бюджет комитетінің хатшысы ретінде республика бюджетінің тиімді қалыптасуына өзінің елеулі үлесін қосып келеді. Бұл тұрғыда Сыр өңірінің де мүддесін назарынан тыс қалдырмайды. Кәсіби экономист санатында мойындалған ол Парламент мінберінен бірнеше салаға қатысты түйткілді мәселелерді талдап-таразылап, батыл көтеріп жүр. Ойлы оқырман Мұрат Нәлқожаұлының білімпаздығын мен айтпай-ақ, БАҚ-қа берген сұхбаттарынан, жариялаған мақалаларынан, Парламент мінберінен көтерген мәселелерінен байқай алады.

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек, бұған ұйқасты өлең, сөз керек» дейді Шәкәрім Құдайбердіұлы. Қазіргі таңда қоғамның ой-пікірі мен көзқарасы, таным-түсініктері, талап-тілектері тұрмыстық деңгейден асып, мемлекеттік деңгейге көтеріліп келе жатқандай. Егер осы ой-сананың эволюциялық сапалы өзгеріске ұшырауын азаматтарымыздың өз тағдырына және мемлекет ісіне алаңдай бастауының көрінісі ретінде бағаласақ, Парламент депутаттарына артылатын қоғам жүгі де ауырлай түседі. Аталған жауапкершілік азаматтар қатарынан да, мемлекеттік қызметкерлерден де шынайы патриоттардың шығуына түрткі болуда. Мұрат Нәлқожаұлын осы сапаға бірден-бір сай келетін саясаткер, кәсіби экономист, мемлекетшіл тұлға деп санаймын. Біз жоғарыда ұлтымыздан шыққан ұлы ойшылдардың бірі Шәкәрімді бекерден-бекер тілге тиек етіп отырған жоқпыз. Ол – өмірдің мәнін өз мақсат-мұраты үшін емес, жеке адам арқылы бүкіл қоғамды өзгертуді мұрат тұтты. Осы қисынмен қарағанда Мұқаңды өмірдің мәнін тапқан тұлғалы азамат деп танимын.

Халқымыздың «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген мақалын «Парасат», «Құрмет» ордендерінің иегері, Қармақшы, Шиелі аудандарының, Қызылорда қаласының құрметті азаматы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты М. Н. Ергешбаевтың асқаралы 60 жасын дәріптеуде қолданғанымыз әбден орынды болар.

Жер жүзіндегі кез келген ел қараңғыдан жарыққа, бейнеттен зейнетке, таршылықтан бақуаттылыққа тек қана «бақытты өмір сүруге лайықпыз» деген қатаң қағидамен ғана өтсе керек. Ал оны жүзеге асыруға тірек болатын рухани күш иелерінің бірі Мұрат Нәлқожаұлындай бүтін де бітім тұлғалар.

**Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,**
**Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректоры**

# ИНТЕРНАТТАН БАСТАЛҒАН ҒҰМЫРЖОЛ

1961 жылы 12-сәуірде космос кеңістігіне алғаш рет адам баласы көтеріліп, болашаққа жарқын жол ашты. Тұңғыш космонавт Юрий Гагарин есімі тек кешегі Кеңес Одағын ғана емес, бүкіл әлемді шарлап кетті. Жер-жерлерде Гагарин атымен аталатын көшелер, қалалар, түрлі кешендер мен мәдени орындар көбейді. Мектеп жасындағы баладан бастап, еңкейген қарияға дейін тұңғыш космонавт Гагаринді жатқа білді. Юрий Гагарин – сол уақытта ерлік пен батырлықтың, жеңіс пен жасампаздықтың символына айналып кетіп еді. Міне, биыл сол дүниені дүр сілкіндірген айтулы оқиғаға да 65 жыл толып отыр.

Біз ол кезде әлі мектеп табалдырығын аттамаған сарыауыз балапан болатынбыз. Алайда Юрий Гагарин десе, жанымызға барынша жақын адам жайлы естігендей, дереу елең ете қалушы ек. Арада көп уақыт өтпеді, Қызылорда қаласында Гагарин атындағы мектеп-интернат ашылыпты деген сүйінші хабар ауыл-ауылды аралап кетті. Ең қызығы – онда негізінен алыс шалғайдағы малшылардың балалары оқиды екен, соларды құшақ жая күтіп алып, қабылдап жатыр деген жағымды жаңалық болатын. Міне, осы бойсіңді жаңалық біздің кішкентай ауыл – Қырашты да бір сілкінтіп өтті. «Қайтсем де сонда барып оқуым керек» деп, буынып-түйініп, жолға жиналушылар саны көбейе түскен-ді.

...Балдай тәтті балалық шағымды еске алсам, ең алдымен есіме Қызылорда қаласындағы Гагарин есімін иеленген мектеп-интернат түседі. Оның себебі бар әрине. Менің алдымдағы ағаларымның біразы он жылдық орта білімді сол жақтан алып, сосын жоғары оқу орнына аттанды. Мен де соны қатты арман еттім. Қашан жетінші сыныпқа көшем деп асыға күтумен жүрген едім. Алайда, отбасылық шешім маған келгенде басқаша болып шыға келді. Әкем оңашада анашыма «бұл баланы жібермей-ақ қояйық, қасымызда болсын» депті. Ол заманда отағасы шешімі – заң! Ол талқылауға жатпайды.

***

Жә, мен бұл жазбаны бастағанда өзім жайлы айтқым келмеген еді. Әңгіме – сол Гагарин атын иемденген мектеп-интернаттың сонау алпысыншы жылдары ішінде бітірген бір ғана ауылдан шыққан түлектері жайында. Олар жай түлектер емес, ең алдымен – менің ағаларым! Ет жақын туыстарым! Одан да маңыздысы – кейіннен әрқайсысы бір-бір тұлғаға айналған, туған халқының құрметтісі болған айтулы азаматтар. Әрине, бірге оқыған көп сыныптастары жайлы аз білем, сосын да есімдерін түгел атап жатпасам, алдын-ала кешірім өтінем. Тек өзім жақсы білетін ағаларым хақында бес-алты ауыз сөз өрмекшімін. Бұл – арнайы тапсырмамен жазылып отырған мақала емес, аяқастынан туындаған көңіл шешімі.

Қызылордадағы аты аңызға айналған Гагарин мектеп-интернатына ақжүрек ағаларым – Сейсен Мұқтарұлы, Көбей Өтжанов, Даутбек Жұматов, Қамбарбек Әжібеков, Тастемір Рахимов, т.б. барып, екі-үш жыл оқып, содан соң арман жолына түсіп, Алматыға аттанды. Бұл – алпысыншы жылдың аяқ шені болатын. Арманшыл жастар бас қаладағы өз көңілдері қалаған оқу орындарына талаптанып, жоғары білім алуға талпыныс жасады. Мысалы, мектеп қабырғасында жүргенде-ақ өлең жазып, жас ақын болып таныла бастаған Сейсен Мұқтарұлы – сол кездегі Киров атындағы ҚазМУ-дың журналистика факультетіне түссе, Көбей Өтжанов та ақынжанды еді, алайда ол құрылысшы болу үшін, басқа оқу орнының есігін ашты. Бірақ екеуі де «Гагариннің түлегіміз» деп мақтана алатындай студент болды, екеуі де ақын ретінде танылып, қазақ әдебиетіне олжа салуға ұмтылуын доғарған жоқ. Нәтижесінде, Сейсен Мұқтарұлы – оннан астам өлең кітаптарын шығарған танымал ақын, оған қоса ерте замандарды қаузап, «Кәмпеске», «Шоқан және өнер» секілді толымды еңбектер жазған тарихшы һәм зерттеуші атанса, Көбей Өтжанұлы – құрылыс саласының майталман маманы бола жүріп, қалам шаруасынан да қол үзген жоқ. Екі-үш өлеңдер жинағы жарық көрді. «Иматай» атты тарихи роман жазып аяқтады. Өкінішке орай, осы екі ағатайларым өмірден ерте озды. Егер осы кезде тірі жүргенде бірінен соң бірі сексен деген жасқа толар еді де, ел-жұрты ұлан-асыр тойлап жатар ма еді? Бұл күнде есімдерін сағынышпен еске аламын. «Сіздер атақты Гагарин мектеп-интернатының мақтанышы болып қалдыңыздар» деп іштей күбірлеп айтарым да бар. Тағы бір ағам – Тастемір Рахимов! Ол Алматыдағы ҚазМУ-дың заң факультетін бітіріп, ұзақ жылдар бойы сот-прокуратура және ішкі істер саласында еңбек етті. Соңғы қызмет орны – Қызылорда облыстық ішкі істер департаментінің бастығы. Прокуратура және ішкі істер саласының полковнигі. Жеңгеміз Рабиға екеуі бірнеше ұл-қыз өсіріп, ұядан ұшырды. Балалары республиканың түкпір-түкпірінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарып келеді.

Қамбарбек Әжібекұлы – мен үшін барынша жақын, тіпті туған ағам десе де болатындай. Өйткені, Әжібек пен Әлмаш (Әнуарбек) Жұматовтар туған аға-іні болса, олардың жарлары Ибагүл мен Бекзада да туыс. Қаратау қойнауын мекен еткен атақты Шахан бидің қыздары. Қамбарбек ағам Алматыдағы ауылшаруашылық инстиутының экономика факультетін аяқтап, көп жылдар бойы салық, банк және қаржы саласында тапжылмастан еңбек етті. Қызылордадағы «Жилсоцбанк» және облыстық қаржы департаментінің басшысы болды. Біршама уақыт облыс әкімінің қаржы-финанс мәселелері бойынша орынбасары болғаны тағы бар. Жеңгеміз Гүлбарам Ділданқызы екеуі ұл-қыз өсіріп, немерелер қызығын көруде. Еңбегіне лайық отандық наградалары да баршылық. Қызылорданың құрметті азаматы.

Даутбек Алмашұлы – біздің он бала тәрбиеленген ыстық ұяның ең үлкені. Әкеміз Жұматов Алмаш (Әнуарбек) және анамыз Жұматкеліні Бекзада екеуі де ауыл-аймаққа сыйлы, таза еңбегімен өмір сүрген жандар еді. Даутбек ағаның қызмет жолы Алматы шаһарымен тығыз байланысты. Сосын да Сыр өңірінің жұрты ол кісінің өмір жолын біле бермейді. Әуелі Қыраш ауылындағы жетіжылдық мектепте оқып, сосын Қызылордадағы Ю.Гагарин атындағы мектеп-интернатта білімін жалғастырып, 1965 жылы орта білім туралы аттестат алды. Сол жылы Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсіп, 1970 жылы экономист мамандығы бойынша ойдағыдай бітіріп шықты. Студент кезінде бокспен айналысты. Қазақстандағы үздік студент-боксшы қатарына ілініп, одақтық ЖОО арасындағы жарыстарда қазақ елінің намысын қорғай білді. «Спорт шебері» атағын қорғап шықты.

1970-1974 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылығын ұйымдастыру және экономика ғылыми-зерттеу институтының (ҚазҒЗИ) ғылыми қызметкері болса, 1974-1977 жылдары ҚазҒЗИ-дың аспирантурасында оқыды. 1980 жылдың қаңтарында, өзі түбегейлі зерттеп-зерделеген тақырыпта ғылыми атағын қорғады. Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі берілді де, оны тәртіп бойынша Мәскеудегі одақтық кеңес бекітті. Бұдан соң Даутбек аға Алматы қаласы маңындағы ауданаралық мамандандырылған қой бордақылау шаруашылық бірлестігі басшысының орынбасары бола жүріп, ғылымдағы өзі негіздеген жаңалықты өмірге енгізуге күш жұмсады. Осының әсерінен бірлестіктің экономикалық көрсеткіштері жыл санап өсе түсті. Ғалым ретінде өзі оқыған Қазақ ауылшаруашылық институтына оқытушылық жұмысқа шақырту алып, шаруашылық істерін басқару және сараптау, ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастыру және жоспарлау кафедрасының доценті ретінде қызмет жасап, шәкірттер тәрбиеледі. PhD докторы. Ал кейінгі жылдары Алматы облысы бойынша Мемлекеттік қаржы бақылау басқармасы бастығының бірінші орынбасары, Қазақстанды дамыту мемлекеттік банкі және «Эксимбанк» ЖАҚ Аудиторлық қызмет департаментінің директоры, «Қазагропромбанк» АҚ, «Қазақстан Халық Банк» ААҚ филиалдарының басқарушысы, «Қазпочта» ААҚ департаментінің директоры, Алматы қалалық Кедендік бақылау департаментінің бөлім бастығы, Алматы қаласының Туризм және спорт басқармасы бастығының орынбасары секілді аса жауапты қызметтерді абыроймен атқарды. Зейнет жасына шыққан соң да, басшылық тарапынан ұсыныс жасалып, Алматы қаласы Туризм және спорт басқармасының Олимпиадалық резервтегі мамандандырылған спорт мектебінде бірнеше жыл директор орынбасары болды. Әр жылдарда институттың және тиісті министрліктің мақтау грамоталары және дипломдармен марапатталды. «Қаржы саласының үздігі» және «Банк саласының үздігі» белгісімен наградталды. Кеудесіне «Еңбек ардагері» медалін тақты. «Денешынықтыру және спортты дамытудағы еңбегі үшін» атағы берілді. Өмірлік жары Жұматова Кәмила Маманқызы екеуі Жанар және Жазира есімді қыздарын тәрбиелеп өсіріп, немерелер сүйіп отыр.

***

Міне, Юрий Гагарин атындағы мектеп-интернаттан түлеп ұшқан ағалардың әрбірі мақтана алатын, өмір-жолдары үлгі етуге боларлық тұлғалар емес пе? Бұл күнде сол бала көңілімізде арман отын тұтатқан, аңыз болған мектеп-интернат қандай күйде екен, оны білмедім...

**Жолтай ЖҰМАТ-ӘЛМАШҰЛЫ,**
**жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

Сыр бойы
№52-53 (21127-21128) 11 сәуір, сенбі 2026 жыл



Сіздердің буындарыңыздағы Сәбит Оразбаев, Райымбек Сейтіметов, Торғын Тасыбекова, Нүкетай Мышбаева, Фарида Шәріповалардың да өнерлерін тамсана тамашалағанбыз. Мұхтар Әуезовтің «Қарагөзіндегі» басты рөлді ойнаған Фариданың шексіз шеберлігіне ерекше тәнті болғанбыз.

Сіздің есейіп, толысқан шағыңызда режиссер Рубен Андресиянның табанды ұсынуымен неміс драматургы Гауптманның «Ымырттағы махаббат» спектаклінде сомдаған Матнас Клаузеніңіздің рөлі талайларды таңғалдырып, талайларды тамсандырды. Қаншама рет қойылса да, зал лық толып, өз ойыныңызбен көрермендердің жүрегін де, сезімін де жаулап алғаныңыздың куәсі болдық.

Өзіңіз де атап өткендей, осы қойылымның өз тағдырыңызбен түйісетін тұстары бар екені ақиқат еді. Аяулы жарыңыз Бағдаттың да осы қойылым қанша қойылса да, сонша рет көруден жалықпауында да ерек сыр бар.

Бағдат өзіңіздің бағыңыз болып кездескенін ауызекі де, күнделік жазбаларыңызды жасағанына да сан мәрте айтып жүрсіз. Сізге тілектес халқыңыздың да көкейінде осы ой нық ұялаған. 23 жыл өмірінде Асекеңнің бетіне жел боп тимей, бар жағдайыңызды жасағанына біздердің де алғысымыз шексіз. Өткенде өзіңізді Кеңсайға, мәңгілік мекеніңізге алып бара жатқандағы ет жүректі елжіретер ұмытыла бастаған қазақи жоқтауды айтқаны көзімізге еріксіз жас ұялатты.

Бағдатыңыздың көрегендігіне, даналығына бәріміз ризамыз. Сіздің көкейіңізде армандап жүрген Шәкен Айманов пен өзіңіздің атыңыздағы мұражайдың болашағын болжап, бұрынғы екі қабат үйдің орнына ерекше пішімді, ішкі интерьердің жобасын өзі жасағанын маған сүйсіне баяндағаныңыз есімде. Ескі үйді де өзіңіз ұзақ сапарда жүргенде бұздырып тастағанын да айттыңыз. Өзіңіздің талантыңызға табынып, пір тұтқан бір азаматтың коттеджін жаңа үй біткенше тегін пайдалануға бергенінің өзі Сізге деген, Сіздің жарыңызға деген ұлы құрметі болса керек.

Сізге деген халқыңыздың шынайы сүйіспеншілігінің шексіздігінің талай куәсі болып жүрміз. 2022 жылы Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданының Қадырқұл ауылының шығысында Орақ әулие мен Шағырай батырдың сәулетті кесенелері ашылғанда Сіз бен халқының «Қыз Жібегі» атанған Меруерт Өтекешованы қалың халық алақанына салып, құрметтегенінің куәсіміз.

Астанада бірге болып, екеуміз қатар келе жатқанда, 11-12 жасар баланың алдымызды орағытып, бірнеше рет жүгіріп өтіп, кері қайырылып жүргеніне мен еріксіз назар аударған едім. Артыма қайырылып, еріксіз назар аудардым. Жүзінен нұры төгілген жас әйел жасқаншақтай күлімсіреп, қатарына барып тұрған баласын нұсқады. Мен сәл аялдап, онымен басымды изеп амандастым. Ол ақырын ғана: «Аға, мына баламның аты Асанәлі. Сол кісінің құрметіне қойғанбыз. Атаға сәлем бермек еді. Батасын алса деп ем» деді сыбырлай. Мен Сізді тоқтатып, сүйкімді, ақсары баланы қасыңызға шақырдым. Сіз оның маңдайынан емірене сүйдіңіз. Қол жайып, бата бердіңіз. Қуанышында шек жоқ анасы суретке түсіріп жатты. Сіз қайда жүрсеңіз де, осындай құрметке ие едіңіз. Жүздеген емес, сан мыңдаған азаматтарымыздың



альбомдарында, үйінің төрінде, ұялы телефондарының жадында, өзіңіз аса шеберлікпен салған графикалық бет-бейнеңіз бедерленген қолтаңбаларыңыз сақталған кітаптарда, ашық суретті открыткаларда Сіздің рухыңыз үнемі жаңғырып тұратынына шүбәсіз сенеміз.

Сізге деген сондай ұлы құрметтің бірі сонау Грузиядан, Тбилиси қаласынан Александр Давыдович Дзебисашвили бастаған «Грузсельхозтехника» ұжымының «Атаманның ақыры» фильмін көрген сәттегі тебіреністі, толғана жазған хаттан айқын көреміз. Ізгі жүректі жазушы, сан мыңдаған қазақ жастарының жүректерін «Махаббат, қызық мол жылдар» романымен жаулап алған Әзілхан аға мен асыл жары Халима апайдың өзіңізге деген ұлы құрметпен жазылған хатын тебіренбей оқу мүмкін емес. Оның мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған «Ақиқат пен аңыз» кітабын комиссияның қорытынды мәжілісінде тәуір деп жүрген бір азаматтың айналасындағыларға: «Сызып таста!» деген сыбырын естігенде, Сіздің аюдай ақырып, әділетсіздікке, көреалмастардың күншіл күңкіліне төзбеген мінезділігіңіздің арқасында Әзілхан ағаның тағдыры оң шешілген-ді.

Сіздің жазған күнделіктеріңізді оқығанда, өзіңіз өмір сүрген ортаның сан қырлы болмысын, өнер ордасының, өзіңіз араласқан мәдениет, әдебиет қайраткерлерінің хас суретшілердің шебер қолдары қас қағым сәтте бейнелейтін этюдтік портреттеріндей бедерленген келбеттерін көреміз.

Осындағы әдемі әзіл, жеңіл юмормен әрленген тұстарды оқығанда, еріксіз езу тартамыз. Ара-тұра ащы мысқылдың уытты лебі бетімізді ғана емес, санамызды да солқ еткізетін импульстік қуатын еріксіз сезінеміз.

Небір игі жақсылармен дәмдес-тұздас болдыңыз. Сүйіктіініңіз Қали Сәрсенбай айтқандай, «алты академикті орап кететін» дегдар мінезді, бойы да, ойы да биік Ақселеу Сейдімбекпен ұлы достығыңыз қандай жарасымды еді?! Бір-біріңізге деген құрметтеріңізге былайғы жұрт қызыға қарайтын. Оның шарждық суретін келістіре салып, недәуір көлемді етіп жазған достық әзіліңізге еріксіз езу тартамыз. Екеуіңіз бірігіп халық ертегісінің ізімен «Күннің қызы Күнікей» атты бес суретті ертегі-драма жаздыңыздар.

Әзірбайжан Мәмбетовке, Шота Уәлиханға жазған әзіл арнауларыңыз да көкейге қона кететін. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы бойынша инсценировка жасап, оны екі бөлімді драма етіп, сахнаға даярладыңыз. Жазушылық қарымқабілетіңізге де тәнті болдық. Білімдар сыншы, эстет Әшірбек Сығайды, даңқты режиссер Сұлтан Қожықовты ерекше сыйладыңыз. Ол түсірген «Қыз Жібек» әлемнің алпыстан астам еліне прокатталғанын мақтан тұттыңыз.

Асыл Аға, Аңыз Аға! Сіз көзі тіріңіздің өзінде өзіңізге өлмес ескерткіш орнатып кеттіңіз. Қаншама мүсінші, суретшілер Сіздің табиғат берген көркем келбетіңізді келістіре бедерледі. Атакент кешені маңындағы дүйім жұртқа қасқая қарап отырған, ел ықыласына бөленген кейіпкер келбетіндегі мүсініңізді кие тұтқан жастар Сізді құшақтап, суретке түсіп жатқанына талай жұрт куә. Қаншама ақын өзіңізге жыр жолдарын арнап жатты.

2002 жылы қарашада Сіз ауруханада жатқанда көңіліңізді сұрап, өзіңізге соққан едім. Тура сол жолы бір сағаттан соң үйге шыққалы жатыр екенсіз. Сыртта күтіп тұрған Бейсенбай деген жүргізушіңіз бізді күтіп тұрды. Үйге келдік. Немере інісі, марқұм кластасым Белетәлінің үлкен қызы Салтанат үйде ас-су даярлап күтіп отыр екен. Үйде үшеуміз ғанамыз. Біраз әңгімелесіп отырдық. Шахматтан екі рет ұттыңыз. Мен сонау 1997 жылдан бастап, 1797 жылы батыс өлкеден Арқа алабына қоныс аударған Тама, Жағалбайлы, Алшын-Шеркештер тарихы мен шежіресін жинаумен айналысып жүрген кезім. Содан сөз арасында Сіз: «Менде екі-үш қап дүниелер, материалдар жинақталып қалған. Соларды сен реттеп, жүйелесең, мен тиесілі ақыңды төлеймін» дедіңіз. Сәл-пәл қолайсызданып қалдым. Аз-кем ойланып барып: «Асеке, өзіңіз білетіндей, мен мына бір ауқымды үлкен жұмыспен айналысып жүрмін ғой. Сіздің үдеңізден, көңіліңізден шығатындай жасай алмасам, ұятты болып қаламын ба деп қорқақтап отырмын. Архивпен жұмыс істеген соң жиі ақылдасар тұстары мол болады. Менің шалғай Жаңатаста тұруым да бұл іске салқынын тигізеді ғой» дедім. Мен айтарын айтып алсам да, Сіздің алдыңызда өзімді аз-кем қолайсыз сезіндім. Сіз үндемей қалдыңыз.

Содан 2007 жылы А4 форматындағы аса көлемді, сегіз жыл бойы еңбектенген 1024 беттік «Үркердей болып көшкен жұрт...» кітабының сүйінші данасын өзіңізге тапсырдым. Сіз риза болдыңыз. Мамыражай мамыр айының орта тұсында Қазақстан Жазушылар одағының акт залында үлкен тұсаукесер өткізілді. Өзіңіз басқардыңыз. Үлкен залдың пайдалану құқығын сол кезде Жазушылар одағы төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүрген ауылдасымыз, көрнекті жазушы Берік Шаханов алып берген еді. Қолтаңба беруден қол босағанша мені ерінбей-жалықпай күтіп тұрғаныңыз әлі күнге көз алдымда. Тура сол 2007 жылы Сіздің кереметтей безендірілген, мазмұны аса бай бес томдық шығармалар жинағыңыз жарық көрді. Сол көп томдықты келістіре жүйелеп, тап-түйнақтай етіп, баспаға әзірлеген менің сүйікті шәкіртім, қазақ журналистикасының тарланы, жазушы, қазақ өнерінің білікті шежірешісі, эстет Қали Сәрсенбай ініңіздің іскерлігіне, талғампаздығына өзіңіз де сүйсіндіңіз, біз де сүйсіндік. Сіздің шығармашылдығыңыздың бес саусақтай білгірі, көзіңіз тіріде «Тұлғатану» сериясымен «Абыз-аңыз», одан соң «Корифей» кітабын жарыққа шығарды. Екеуіңіздің ағалы-інілі сыйластық қарымқатынастарыңызға сыртта жүрген біздер қатты қызығамыз. Кейініректеу мемлекеттік тапсырыспен жеті томдығыңыз жарық көрді. Бұл орайда да Қали редакторлық етіп, жинақтың сапалы шығуына көп еңбек сіңірді.

Ардақты да аяулы Асанәлі Аға! Міне, Сіздің асыл бейнеңіздің көзімізден бұлбұл ұшқанына, қара орман халқыңыздың қабырғасын қайыстырып, кеткеніңізге жүз күн толып отыр. Өзіңіз көзден кетсеңіз де, көңілден еш кетпейтініңіз ақиқат. Экранда бейнеленіп қалған образдарыңызбен талай беттесерміз. Көңілдегі көрікті, бедерлі ойларыңыз кестеленген күнделіктеріңізбен елгезек оқырмандар әлі-ақ талай сырласып, көкейлеріне кемел ойлар ұялатар. Қазақ өнер тарихында соңынан осыншалық мол әдеби мұра, жәдігер қалдырған өзіңіздей тұлға болған емес. Сондықтан да Сіздің орныңыз ерекше.

Өмірде талай атақ, марапаттарға ие болып жатсаңыз да, даңққа мастанып, ешқашан даңғойлыққа, кеудемсоқтыққа жол бермедіңіз. Қашан да ойлы, сабырлы қалпыңыздан қылдай ауытқымадыңыз. Кей тұстарда кеткен пендешілік қателеріңізді ашық мойындап, ар алдында ақталып, кешірім сұрап, арылып жүрген табиғатыңызды түсіністікпен ұғындық.

Ақтық деміңіз таусылғанша киелі өнерді пір тұттыңыз. Алуан қырлы, сырлы кейіпкерлерді кинода да, сахнада да өшпестей етіп сомдадыңыз. Рөлдерді жан-тәніңізбен беріле ойнадыңыз. Солар да Сіздің жүрегіңізге бірталай салмақ салғаны ақиқат қой. «Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді» деген ұстанымды өмір бойы бағдаршам етіп ұстандыңыз.

Асыл Аға! Тағдырдың, өмірдің қатал заңына адамзат баласының қауқар қылар қайраты, айласы жоқ. Өзекті өртейтін өлшемді ғұмырының тар құрсауын кеңейтіп, өлмес өмірге өріс ашар айласы жоқ. Орныңызда қалған Кіші Асанәліңіз, Сағынаңыз, Олжасыңыз, қасиетті шаңырақтың ұстыны болып қалған Бағдатыңызға өмірдің бар жақсылығын тілейік. Өлмес рухыңыз пейіште шалқысын!

**Пернебай ДҮЙСЕНБИН,**
**Халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері**

# СЫРДА ТУЫП, ҚЫРДА ТҮЛЕГЕН



Сыр өңірі – қойнауы тарихи сырға толы, жағасы жырға толы айтулы аймақтың бірі. Қазақ жазирасының түстігіне тегіс жайылған бұл өңірде талай арда азаматтың кіндік қаны тамған. Сондай азаматтың бірі Бостан Үрістембаев еді.

Бостан Абатұлы 1947 жылдың 25 сәуірінде Қармақшы ауданы Төретам кентінің іргесіндегі Диирментөбе станциясында дүниеге келген. Әкесі Абат Үрістембайұлы соғыстан кейінгі жылдары совхоз директоры болып қызмет атқарған.

Әкеден жалғыз тұяқ еді, тағдырдың суық лебі оны балаң шағында-ақ шарпып өтіп, өмірдің шындығын ерте мойындатты. Екі жасында асқар тау әкесі дүние салды. Ал 10-сыныпта оқып жүргенде анасы Ақсырға әже өмірден өтті. Ата-анасынан ерте қалса да, өз жұрты мен нағашы жұртындағы ағайынның қамқорлығын көріп ержетті.

Ұлыпты, Ыбырайым, Тарған, Игенбай, Амангелді, Еламан сынды ағаларының арқасында аяғын алшаң басып, қатарынан қалмады. Анасының сіңлісі Әстай апаның, әкесінің туысы Торғай апаның, Шаризат әпкесінің аялы алақаны оны қанаттандыра түсті. Жезделері Ыбырайым, Орынтай, Әшірбекпен де сыйлас, сырлас болып, оларды жанына жақын тұтты. Інілері Мерген, Ертуған, Сапабек, Әнуарбек, Дастан, Қуанышбекпен де етене жақын жүріп, олардан әсте ажырамады. Жеңгелері Балзия, Зүбайра, Шәки, Рая, Райхан, Қазығүлді де жатсынбады. Өзі қатарластарымен әзіл-қалжыңы жарасып жүретін-ді.

Алтын ұя мектебін тәмамдап, үлкен өмірге қадам басқан, буыны бекіген бозбала 1964 жылы арман қуып Алматыға барды. Алып шаһарда бағы жанып, небір тарланды түлеткен КазГУ-дың заң факультетіне оқуға түсіп, қызықты күндері, өмірдің жаңа кезеңі басталды. Осылайша, қиындығы мен шыжығы мол сырға толы студенттік шағы еліміздің сол кездегі бас қаласында өтті. Студент кезінде өмірлік серігі Сара Көдейқызымен танысты.

Бостан Абатұлы КазГУ-дағы оқуын ойдағыдай тәмамдаған соң еңбек ету жолында киелі Ұлытау өңіріне табан тіреді. Мұнда Қарсақбай мыс қорыту зауытының автомобиль шаруашылығында директор болған өзінің қайын атасы Көдей Мамақұлының жүргізушісі болып біраз жұмыс істеді. Қасында жүріп, үлкен кісінің ақыл-кеңесіне құлақ түріп, өмірлік тәжірибе жинап, өңірдің де қыр-сырына қанық болды.

Қарсақбайды да, жез дариясы Жезқазғанды да жатсынбаған ол еңбек ете жүріп, мысты шаһардағы политехникалық институтта екінші мамандықты оқып бітіріп, инженер-механик болып еңбек жолын жалғастырды. Сол кезде жаңа өндіріс ошағы ретінде атағы жер жарып тұрған «Жәйрем» кен байыту комбинатына қарасты автобазаның директоры қызметін атқарды. 1983 жылы Жезқазған автобус паркі жолаушылар тасымалдау бөлімінің басшысы қызметіне ауысты. Одан әрі Шығыс, Оңтүстік кеніштерінде түрлі басшылық қызмет атқарып, кейін «Қазақмыс» корпорациясының еңбекті қорғау басқармасына қызметке шақырылды. Осы салада зейнетке шыққанша абыройлы да жемісті еңбек етті.

«Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы» дегендей, Бостан Абатұлының өлең шығаруға деген қызығушылығы зор еді. Өзінің де ақындық қасиеті бар-тын. Әр жылдары жарына, ұл-қыздарына, сыйлас достары мен туыстарына арнаған қолжазбалары күні бүгінге дейін сақтаулы тұр. Сөздің төресі өлеңге деген құштарлық, жастайынан жақсымен жанаса білетін жұғымдылығы Бостан Абатұлының Ұлытау өңірінің зиялы қауымымен тығыз байланысуына себеп болды. Сол зиялы қауымның бел ортасында жүріп, өзі де облыстық, қалалық айтыстарға талай мәрте қазылық етті. Қайын ағасы болып келетін журналист, публицист және қоғам қайраткері, «Шындық» толғауы арқылы күллі қазаққа танылған Шынболат Ділдебаевпен етене жақын сыйласты. Шынболат ағамен әзіл-қалжыңы жарасып, телефонмен тілдескенде екеуара әңгімені де айтысқа айналдырып, бір-біріне өлең ұйқастарымен жауап қайтарып отыратын еді.

Бостан Абатұлы мен Сара Көдейқызы 52 жыл жұп жазбай, бақытты да ғибратты ғұмыр кешті. Өнегелі отбасында Айгүл, Динара, Мәдина, Ботагөз, Тамерлан есімді ұл-қыздары дүниеге келіп, тағылымды тәрбие көрді. Жоғары білім алған балалары бүгінде түрлі салада қызмет атқарады. Ұлағатты ұрпақ өрбіткен Бостан Абатұлы мен Сара Көдейқызы ұлды ұяға, қызды қияға қондырып, немере, шөбере көрді.

Сырда туып, қырда түлеген азамат үшін Ұлытау өлкесі құтты мекенге айналды. Жезді өңірде жүріп, еңбектің дәмін татты. Өрісі кеңейіп, ұлағатты ұрпақ өрбітіп, жапырағын жайған бәйтеректей өсіп-өнді. Сәтбаев пен Жезқазған қалаларының құрметті азаматы атанды.

Алайда өзінің туған жерінен тамырын әсте үзбеді. Қызылорда өңіріндегі ағайын-туыстың қызық-қуанышынан қалмай, үнемі екі ортадағы жүздеген шақырым қашықтықты жалғап жүрді. Көлігімен күні-түні жолға шығатын ол Қызылорда мен Жезқазған арасындағы жолдың әр ойығын жатқа білетіндей еді. «Жол мұраты – жету» дегендей, ойдым-ойдым жол оны әсте жалықтырмады. Дегенмен туған жерге апарар осы жолдың тақтайдай тегіс болғанын армандаушы еді. Сол арманы енді ғана жүзеге аса бастағандай.

Ағайын-туыстың, ел-жұртының ортасында ардақты, дос-жаранының арасында қадірлі, жарына пана, балаларына үлгі-өнеге болған Бостан Абатұлы абырой биігінен түспеген азамат еді. Амал қанша?! Зейнетке шыққан соң дертке шалдығып, ақыры сол сырқаты оны мәңгілікке алып кетті. 2021 жылдың маусымында ізгі жүрек соғуын тоқтатты, 74 жасында бақилық болды. Өзінің өсиеті бойынша кіндік қаны тамған жері Диирментөбедегі қорымға, әкесі мен анасының қасына жерленді. Содан бері де 5 жылдың жүзі болды. Рухы пейіште шалқысын!

**Нұрдәулет КӘКІШ,**
**Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**



# БАҚЫТ БЕСІГІНДЕ ТЕРБЕЛГЕН

Тамыры терең, қойнауынан құт арылмаған, жүз жырау шыққан Қармақшы топырағында жақұт жырдың киесі сақталған. Маңдай терге малшынып жүріп ел ырысын молайтқан еңбек адамдарына деген құрмет те жоғары.

Солардың қатарында дүйім жұрт құрметтеген еңбек ардагері Вера Дайрабайқызы да бар. Ол қазіргі Тұрмағанбет ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Осындағы №29 орта мектепте 8-сыныпқа дейін оқып, кейін Жаңақала ауылындағы №185 қазақ орта мектебінде жалғастырды.

Білімге құштар жас сол жылы «Комсомол» совхоз техникумына түсіп, оқу озаты қатарында есепші мамандығын алып шықты. Сөйтіп еңбек жолын Қызылдың қойнауында жатқан шалғайдағы Тәйімбет Көмекбаев атындағы совхозда статист-бухгалтер болып бастады.

Жас маман әсіресе, шаруашылық кірісін көбейтуде аянбады. Азаматтық және қызметтік борышын мемлекет мүддесіне молынан жұмсады. Совхоздың социалистік жарыстарда жеңімпаз атануына, қаракөл қой шаруашылығын дамытуға үлес қосқандардың бірі болды.

Жауапкершілік жүгі зор қызметте жүргенде Абдулаймен жолығып, 1976 жылдың жазында шаңырақ көтерді, ұлағатты ұрпақ дүниеге келді. Келіндік жолын сақтады, қазақы салт-дәстүрге берік екенін байқатып, үлкенді құрметтеуге, кішіге ізет көрсетуге, ұлттық құндылықтардың қаймағын бұзбауға тырысты. Ауыл халқының ауызбіршілігін сақтауға, берекесін арттыруға сүбелі үлес қосты.

Одан кейінгі жылдарда аталған шаруашылықта есепші бухгалтер, кадр қызметтерін атқарды. Кейін «Шұғыла» балабақшасына ауысып, бала тәрбиесімен айналысты.

Қызылорда қаласына 1998 жылы қоныс аударып, ұрпақтың келешегі мен ұл-қыздың алдындағы ата-аналық борышын жалғастырды. Жолдасы Абдулайға қолқанат, тірек болды. Тату тіршілік пен сыйластықтың арқасында олар көтерген шаттыққа толы шаңырақ 50 жыл бойы бақыт бесігінде тербеліп келеді. Өнегелі отбасында жауапкершілік дәріптеледі, мейірбандықты ерекше қасиет деп санайды. Сондықтан бұл үйдің төрінде ел ардақтыларын қонақ етіп, сыйлау әдебі сақталған.

«Қос тойың қабат, екі дүниең абат болсын» дегендей, биыл жұптасқан ғұмырдағы алтын тоймен қатар Вера Дайрабайқызы 70 жас мерейтойын атап өтуде. Ел сыйлаған еңбек ардагерлері, абыз ата, әзиз әже тұғырындағы жандар үлкен отбасының шырағданы, тілекшісі болып төрден орын алған. Бүгінде алтын той иелерінің үш ұл мен қызы жоғары білімді маман ретінде туған жерді түлету жолында қызмет етуде. Олардан ата-әжесі немерелер сүйіп отыр. Немеренің алды жоғары оқу орнын тәмамдап жатыр.

Өмірдің мәні береке мен бірлік, қуаныш пен шаттық ұялаған отбасында, түсіністік пен сыйластықта. Мерейтой иесі осы құндылықтың мәнін жастарға түсіндіруден жалыққан емес.

**М.МЕРЕЙ**

# ЕРЛІК ӨЛМЕЙДІ



**Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік көрсетіп, елі үшін жанын аямаған батырлар болды. Олардың кейбірінің есімі тарихта танылса, енді бірінің еңбегі ел есінде мәңгіге сақталып қалды. Сондай ерлердің бірі – Мәткәрім Досжанов.**

Ол 1924 жылы 1 мамырда Жаңақорған ауданы Бесарық ауылдық округінде дүниеге келген. Балалық шағында Түркістандағы жетім балалар үйінде тәрбиеленіп, жеті сыныптық білім алған. Еңбек жолын «Кеңес» колхозында қарапайым жұмыскер болып бастаған. 1942 жылдың маусымында әскерге алынып, Ашхабад қаласындағы кіші командирлер дайындайтын 7-оқу полкінде оқиды. Старшина шенімен оқуын аяқтап, жас сарбаздарды үйретеді. Кейін Уфа қаласына офицерлік оқуға түсті. Бірақ толық бітірмей, 1943 жылы майданға аттанып, Орел мен Курск доғасы шайқастарына қатысты. Ерлігі үшін III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталды.

1944 жылы Қырымды азат етуге қатысып, кейін Балтық майданында Латвия жерін жаудан босатты. Бұл 1944 жылдың 25 тамызы еді. Шауляй (Шавли) қаласының солтүстік-батыс беткейіндегі жаудың мықты нығайтылған қорғанысын бұзып өтуге бағытталған шайқас жүріп жатты. Кенеттен фашист басқыншылары әуе шабуылын жасап, жауынгерлік құрамаларды атқылай бастады. Сол мезетте 19-гвардиялық Сиваш атындағы танк корпусы 202-танк бригадасының пулемет экипажы командирінің орынбасары, сержант М.Досжанов ұшақты, экипажы «ФВ-190» жойғыш ұшағын атып түсірді. Осы шайқастағы үздік әскери іс-қимылы үшін М.Досжановқа Бас Қолбасшы, Кеңес одағының маршалы Сталиннің 8 қазан 1944 жылғы бұйрығымен Алғыс жарияланды және «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды.

1945 жылы 3-Украина майданында болып, 2 мамырда Берлинге кіріп, Одер бойындағы шайқастарға қатысты. Мұндағы ерлігі үшін I дәрежелі «Отан соғысы» орденімен марапатталды. Үш рет жеңіл, бір рет ауыр жарақаттанып, 1945 жылдың жазында Жеңіспен елге оралды.

Бейбіт өмірде ұстаздық жолды таңдап, 40 жылдан астам уақыт бойы жас ұрпақты тәрбиеледі. Еңбегі жоғары бағаланып, 1970 жылы В.И.Лениннің 100 жылдығына арналған медальмен марапатталды. 1973 жылы «Қазақстан Халық ағарту ісінің озық қызметкері» атағына ие болды.

1985 жылы Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерен ерлігі үшін II дәрежелі «Отан соғысы» орденін, сондай-ақ «КСРО оқу-ағарту ісінің озығы» төсбелгісін алды. Көп жылдық еңбек жолында түрлі Құрмет грамоталарын да иеленді.

1986 жылы Жаңақорған ауданындағы №192 орта мектеп директоры қызметінен дербес зейнеткерлікке шығады. Дегенмен ел өміріне белсенді араласып, жастарға ақыл-кеңес беруден жалықпаған. Білімді жастарды қолдап, үздік оқушыларға өз қаражатынан шәкіртақы тағайындаған. Мәткәрім Досжанов бастаған бұл игі іс бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

Ол 2010 жылдың қаңтарында дүниеден өтті. Бірақ ерлігі мен еңбегі ел жадында мәңгі сақталады.

**Әмина МАТКӘРІМ,**
**әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Филология» факультетінің 1-курс студенті**

САПАР

# ҰЛЫ ДАЛАДАН АНАДОЛЫҒА ДЕЙІН




Ыстанбұл қаласындағы Түрік және ислам өнері музейінде «Оғыз феномені: Ұлы Даладан Анадолыға дейін» атты халықаралық конференция және көрме өтті.

Мазмұнды әрі тағылымды шараны Қызылорда облысы әкімдігінің, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының қолдауымен ҚР Ұлттық музейі және Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі бірлесіп ұйымдастырды.

Негізгі мақсаты – оғыз мұрасы негізінде Ұлы Дала мен Анадолы арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты айқындау, түркі әлемінің ортақ құндылықтарын зерделеу және ғылыми ынтымақтастықты дамыту.

Конференция Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемовтің алғысөзімен ашылды. Оған Қазақстан Республикасының Түркиядағы Бас консулы Аманқұл Нұриддинов, Ұлттық музей директоры Берік Әбдіғалиұлы, Түркияның Мәдениет және туризм министрлігінің департамент директоры Бироль Инджеджикоз, ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының өкілдері қатысты.

Пленарлық отырыста қатысушылар оғыз тайпаларының шығу тегі мен тарихи рөлі, олардың қазіргі түркі өркениетіне ықпалы, Анадолы аумағындағы археологиялық зерттеулер, Сырдарияның төменгі ағысындағы ортағасырлық қалалардың урбанизациялық үдерістері жөнінде мазмұнды баяндамаларын ұсынды. Жаңа археологиялық деректер мен музейлік тәжірибелер кеңінен талқыланып, мамандар өзара пікір алмасты.

Жиыннан кейін көрменің салтанатты ашылу рәсімі ұйымдастырылды. Оны Руслан Рүстемов, Аманқұл Нұриддинов, Берік Әбдіғалиұлы және Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев аралап шықты. Шараның жоғары деңгейде өтуіне атсалысқан Түркия мемлекетінің және ТҮРКСОЙ ұйымының өкілдеріне облыс әкімінің Алғыс хаты, Сыр өңірінің бренді – күріштен салынған картина табысталды.

Сонымен бірге, Сырдың дәстүрлі жыр-термелері орындалып, қобыз сазы арқылы ұлттық рухани мұра кеңінен насихатталды. Көрме экспозициясында оғыз дәуіріне тиесілі бірегей археологиялық жәдігерлер көпшілік назарына ұсынылып, сол арқылы түркі халықтарының ортақ тарихи-мәдени мұрасы жан-жақты таныстырылды.

Қазақ даласындағы түркі халықтарына ортақ рухани құндылықтарды бір тамырдан нәр алған туысқан түркі бауырлармен бірге дәріптеудің маңызы зор. Қызылорда облысының әкімдігі Сыр бойындағы оғыз мәдениетін ғылыми зерделеуде қарқынды жұмыстар жүргізіп келеді. Соңғы үш жыл бойы ҚР Ұлттық музейімен бірлесіп Елорда төрінде бірнеше халықаралық көрме, конференциялар өткізілді.

Енді осы мәдени шаралардың ауқымы кеңейіп, Ұлы Даладағы оғыз мәдениетінің тарихи сабақтастығын зерделеуге бағытталған халықаралық конференция мен көрме ұйымдастырылды. Тарихы ортақ халықтардың келешегі үшін мұндай шараларды бірлесіп өткізудің идеялық мазмұны айрықша және ол екі ел арасындағы ортақ тың жобаларға жол ашары айқын.

**«СБ» ақпарат**



## Хабарландыру

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес, ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның «Тұтынушылар мен өзге де тұлғалар алдында 2025 жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есептерін» кәсіпорын 2026 жылдың сәуір айының 30-шы жұлдызында Желтоқсан көшесі №156, кәсіпорынның 2-қабатында сағат 11.00-де өткізілетінін хабарлаймыз.

## Хабарландыру

«Сыр бойы» КС» ЖШС 2026 жылдың 27 сәуір күні сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің қатысушылары үлестерін азайту/көбейту, жаңадан қабылдау/шығару, несие лимитін бөлу, осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілетті органға тіркеу туралы.

2. «АНК» АҚ арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің жарғылық қорынан берілетін ережелеріне және серіктестік ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу, бекіту туралы.

Сонымен қатар қатысушыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

**«Сыр бойы» КС» ЖШС-нің әкімшілігі.**
(БИН: 061 140 005 106)

## Хабарландыру

«Vector Energy Systems» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің және Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларының талаптарына сәйкес, 2026 жылы сәуір айының 21-і мен 27-і аралығында Бірыңғай экологиялық порталында (https://hearings.ndbecology.gov.kz) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша «Келесі мекенжай бойынша жол бойында қызмет көрсететін жанар-жағармай құю станциясының құрылысы: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Белкөл ауылы, Бірқазан ауылы, 57-учаске (шығындар сметасынсыз)» жұмыс жобасына қоғамдық талқылау түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды. Тел.: 87011057202.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жобалық құжаттама топтамасымен Бірыңғай экологиялық порталында танысуға болады.

## Объявление

ТОО «Vector Energy Systems» в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК и Правил проведения общественных слушаний сообщает, что с 21 по 27 апреля 2026 года на Едином экологическом портале (https://hearings.ndbecology.gov.kz)будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строительство автозаправочной станции с придорожным сервисом по адресу: Кызылординская область, г. Кызылорда, п. Белкуль, с. Бирказан, участок 57 (без сметного раздела)». Тел.: 87011057202.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале для предоставления замечаний и предложений.



Облыс әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық ардагерлер кеңесі, облыстық қоғамдық кеңес Арал ауданының әкімі Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлына ұлы

**Нұртуған Сақыптың**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Облыс әкімдігі, облыстық мәслихат, облыстық ардагерлер кеңесі және облыстық қоғамдық кеңес Шиелі ауданының құрметті азаматы, білім саласының ардагері Палымбет Найла Әбілқасымқызына жолдасы

**Досанов Асылбек Оразбайұлының**

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Облыстық қоғамдық даму басқармасы, «Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы Арал ауданының әкімі Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлына ұлы

**Нұртуған Сақыптың**

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ «Арысқұм» кен орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар: Жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, Жол берілетін төгінділер нормативтері жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Учаскенің географиялық координаттары (бойлық және ендік): 46.4261 с.ш; 64.6882 в.д

Әсер ету аумағы – Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті (46.4261 с.ш; 64.6882 в.д.).

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 12 мамыры күні сағат 10:00-де өтеді. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, М.Шаменов көшесі №74 мекенжайы (Оқушылар үйінің акт залы).

Zoomконференция:https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDbWdPXlrhHLY962uEJAj1LLBCv60.1&omn=82992980821

Конференция идентификаторы: 679 067 4661.

Кіру коды: 76epza.

Бастамашысы: «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ. БСН 940540000210. Заңды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №13.

Әзірлеуші: «Казинжэкопроект» ЖШС, БСН 250840016005. Заңды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі, №12/33. Тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: kazinzhekoproekt@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында, https://ndbecology.gov.kz және «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8-701-112-60-99 телефоны немесе kazinzhekoproekt@mail.ru электрондық почта арқылы сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар Ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ге қоғамдық тыңдаулар өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1. Тел.:8-(7242)-60-53-62.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» объявляет о проведении общественных слушаний посредством открытых собраний по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Арыскум» АО «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), проект нормативов допустимых сбросов (НДС), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды , РООС».

Географические координаты территории воздействия – 46.4261 с.ш; 64.6882 в.д.

Территория воздействия Кызылординская область, Жалагашский район, пос.Жалагаш (46.4261 с.ш; 64.6882 в.д.).

Общественные слушания состоятся 12 мая 2026 года в 10:00 по адресу: Кызылординская область, Жалагашский район, пос.Жалагаш, ул.М.Шаменов №74 (актовый зал Дома школьников).

Zoomконференция:https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDbWdPXlrhHLY962uEJAj1LLBCv60.1&omn=82992980821

Идентификатор конференции: 679 067 4661

Код доступа: 76ePza.

Инициатор: АО «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз», БИН 940540000210. Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Кызылорда, ул. Казыбек би, 13.

Разработчик: ТОО «Казинжэкопроект», БИН 250840016005. Юридический адрес: РК., г.Кызылорда, ул.Бегим ана, д. 12, офис 33, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: kazinzhekoproekt@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, https://ndbecology.gov.kz и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» https: //www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 87011126099, kazinzhekoproekt@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» по адресам: г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, prd@korda.gov.kz, тел.: 8-(7242)-60-53-62.

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ Қызылқия кен орны үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (жобалық құжаттар: Жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспарының жобасы, Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Учаскенің географиялық координаттары (бойлық және ендік): 46.4643062° с.е, 64.9964586° ш.б

Әсер ету аумағы – Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті (45.050345° с.е, 64.980470° ш.б.).

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 12 мамыры күні сағат 12:00-де өтеді. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Қонаев көшесі №8 мекенжайында Тереңөзек кенттік мәдениет үйінің акт залы.

Zoomконференция:https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDbWdPXlrhHLY962uEJAj1LLBCv60.1&omn=81975636208

Конференция идентификаторы: 679 067 4661.

Кіру коды: 76epza.

Бастамашысы: «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ. БСН 940540000210. Заңды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі №13.

Әзірлеуші: «Казинжэкопроект» ЖШС, БСН 250840016005. Заңды мекенжайы: Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі, №12/33. Тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: kazinzhekoproekt@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында https://ndbecology.gov.kz және «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru танысуға болады.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8-701-112-60-99 телефоны немесе kazinzhekoproekt@mail.ru электрондық почта арқылы сұрауға болады.

Ескертулер мен ұсыныстар Ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ-ге қоғамдық тыңдаулар өткізу басталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8-(7242)-60 -53-62.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

АО «ПетроКазахстан КумкольРесорсиз» объявляет о проведении общественных слушаний по средством открытых собраний по проекту «Материалы для получения Экологического разрешения на воздействие для месторождения «Кызылкия» АО «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» (проектные документы: Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ), Программа управления отходами (ПУО), Программа производственного экологического контроля (ПЭК), План мероприятий по охране окружающей среды , РООС».

Географические координаты территории воздействия-46.4643062, 64.9964586

Территория воздействия пос. Теренозек, Сырдарьинский район, Кызылординская область (45.050345° с.е, 64.980470° ш.б).

Общественные слушания состоятся 12 мая 2026 года в 12:00 по адресу: Кызылординская область, Сырдарьинский район, пос. Теренозек, ул.Конаева №8 (Дом культуры).

Zoomконференция:https://us05web.zoom.us/j/6790674661?pwd=WjDbWdPXlrhHLY962uEJAj1LLBCv60.1&omn=81975636208

Идентификатор конференции: 679 067 4661.

Код доступа: 76epza.

Инициатор: АО «ПетроКазахстан Кумколь Ресорсиз» БИН 940540000210. Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Кызылорда, ул. Казыбек би, 13.

Разработчик: ТОО «Казинжэкопроект», БИН 250840016005. Юридический адрес: РК., г.Кызылорда, ул.Бегим ана, д. 12, офис 33, тел.: 8-701-112-60-99, e-mail: kazinzhekoproekt@mail.ru

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, https://ndbecology.gov.kz и на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» https: //www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 87011126099, kazinzhekoproekt@mail.ru

Замечания и предложения принимаются не позднее трех рабочих дней до даты начала проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных, а также в ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» по адресам: г.Кызылорда, улица Бейбарыс Султан, № 1, prd@korda.gov.kz, тел.:8-(7242)-60 -53-62.



www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
**Марат АРАЛБАЕВ**
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі *(сенбілік екі нөмір)* күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

**Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".** | **e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz** | **Таралымы 21137** **Тапсырыс №592** | Кезекші редактор **Бағлан АМАНЖОЛ**